

Диалогтік оқыту технологиялары

Жоспар:

- Диалогтік оқыту технологияның мазмұны туралы
- Диалог құру техникалары мазмұны
- Ойын технологиялар сипаттамасы

Диалогтік оқыту:

- Оқушылардың диалог құру және терең ойлау қабілеттерін дамыту
- Коммуникативтік қатынас орнатуға үйрету
- Танымдық қабілеттерін дамыту
- Әлеуметтік құзырлықтарын қалыптастыру

Түсінігі

- Диалог екі немесе одан да көп серіктестердің ауызша сөйлесу әрекетінің үйлесімді жемісі, ол- өзара байланысы бар мәтін»,
- Диалог-сабақ барысында оқушы мен мұғалім арасындағы, оқушы мен оқушының арасындағы жүргізілетін қарым-қатынас. Талқылау мен диалог өзінің танымдылығы мен ерекшеленеді.

```
graph TD; A[Диалогтік қарым-қатынастық] --- B[ТОПТЫҚ]; A --- C[ҰЖЫМДЫҚ]; A --- D[ЖҰПТЫҚ];
```

Диалогтік қарым-
қатынастық

ТОПТЫҚ

ҰЖЫМДЫҚ

ЖҰПТЫҚ

Диалогтік оқыту

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

ТАНЫМДЫҚ ҰСТАНЫМ

Егер әр адам «Жаңа түсінік бірлескен жұмыс нәтижесінде ғана қалыптасады» деген қағиданы ұстанса, онда ол әрқашан да өзінің идеялары мен туындаған сұрақтарын басқаларға жеткізіп, оларды талқылауға дайын болады



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛАҢДАМАУШЫЛЫҚ

Диалог барысында әр адамның ойлары мен идеяларының, пікірлері мен көзқарастары мұқият тыңдалып, олардың сенімсіздік және күлкіден қорғалатынын білсе, онда ол өзін қарым-қатынастың тең дәрежелі екендігін сезінеді



ҚЫЗЫҒУ

Әр адам диалогтің қызық екенін түсіну керек. Диалог барысында әр адам өзін басты кейіпкер ретінде сезінеді. Сондай-ақ диалог интербелсенді әдістерді қолдануды арқылы диалогке қатысушылардың пікірлерін ортаға салып, талқыға салады. Осылайша диалог тиімді әрі нәтижелі болып, қатысушылардың танымдық мүдделеріне сәйкес келеді

Диалог құру әдістемесі

- Сұрақ қою
- Әңгіме
- Әңгіме-кеңес
- Әңгімелесу
- Пікір-талас
- Сұхбаттасу

Диалогтік оқыту әдістері

- *рөлдік ойындар, қадамды сұхбат, постер т.б..*
- Бұл әдістер сыныптағы барлық оқушыларды әрекетке тартып, ұжымда жұмыс жасауға үйретіп, тілдік қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

«Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою»

- әдісінің негізгі мақсаты – бір-бірімен ой бөлісу арқылы өз білімдерін жетілдіру жұмысымен айналысу. Жаттығу барысында оқушылар кез келген сұрақ қоя отырып, менде осы тақырып бойынша қандай ойлар мен ұстанымдар бар? Бұл жұмыс мен және менің құрбыларым үшін қаншалықты маңызды? т.б. сұрақтарға жауап бере отыра қандай мәселелерді игергенін, игеру жолында қандай қиындықтар туындады, оларды қалай шешу керекпін? деген сұрақтар төңірегінде берілген уақыт ішінде жекелей ой қозғап өзара ой бөлісу арқылы тілдік қарым-қатынас орнатады.
- Осы жұмыс арқылы оқушыларды өздігінен, жұппен және ұжыммен жұмыс атқаруға үлкен септігін тигізіп, жұмысқа белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Диалог арқылы өз ойын қорғау

- диалогке қатысушылардың мысалы, сөйлеуші әрбір сөзін түсінікті етіп, мәнерімен сөйлеу, дұрыс сұрақ қоя білу, ал тыңдаушы – айтуға мүмкіндік беру, жақсы тыңдаушы бола білу керектігі мен шыдамдылықпен таныту керектігін жайында түсініп, ой қозғауға жетелейді.

Диалогтік оқыту барысында әңгімелесудің оқу-танымдық, тілдік-дамытушылық, әлеуметтік-бағдарлаушы міндеттері қамтылуы маңызды болып табылады.

Технологияның өзектілігі-

оның білімді меңгеруге емес,
тұлғаның
танымдылық қабілеттерін
және танымдық процестерді:

яғни, жадының алуан
түрлерін
(есту, көру, қимыл және т.б.)

ойлауды
Ойлауды, ынтаны, қабылдау
қабілетін дамытуға
бағытталған

Сондай –ақ тұлғаның
қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту

Қарым-қатынас ойын,
белсенді
сөздік қорын дамытуға
бағыталуы

Диалог құру технологиясы

- қарым –қатынас
- вербалды және вербалды емес қатынасқа түсу
- интербелсенді оқыту үрдісі
- өзара оқыту
- өз бетімен оқу
- өз –өзін бақылау, бір-бірін бақылау

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданылатын сұрақтардың екі түрі: *«төмен дәрежелі» және «жоғары дәрежелі»* сұрақтар кең қолданылады деген пікір бар.

■ Жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға тиіс болады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана танымдық сұрақ сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың ізденуіне қолдау көрсетіп, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жақсартады және білім, ақпарат алу көкжиектерін кеңейте түседі. Қойылған сұрақтар баланың санасына қойылатын талаптар тұрғысынан ойластырылса нұр үстіне нұр болады. Жоғары дәрежелі сұрақтар балалардан ақпаратты белгілі дәрежеде қолдануды, қайта ұйымдастыруды, дамытуды, бағалауды, талдауды, яғни, ойлау операцияларына дайын болуды талап ететін сұрақтар. Ашық сұрақтарды көбірек пайдалану оқушыларға әлдеқайда жоғарырақ деңгейде ойлануға көмектеседі.

Диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың негізгі ерекшелігі -

- ұстаздар мен оқушыларға өз еріктерімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуге жағдай жасайды. Қазіргі оқытудың талаптарына сай мұғалім де, оқушы да жаңаша көзқарасты, терең ойлы болуды керек етеді. Сондықтан қазіргі заман талабына сай жас ұрпақтың көкірегі ояу, ізденімпаз, отаншыл, шығармашылық жұмыспен айналыса алатын дәрежеге жеткізуіміз керек деп ойлаймын. Оқушыларға жаңа тақырыптарды қызықты, түсінікті етіп түсіндіру үшін керекті тәсілдердің бірі ретінде диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету деп ойлаймын. Осы жаңа әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, жаңа сабақтың аясында қосымша қызықты деректерді ұсынуға, қиын тақырыптарды әр түрлі жұмыс түрлері арқылы жеткізуге, жаңа идеяларды әсерлі етіп көрсетуге болады. Бағдарламаның жеті модулін білім беру үрдісіне енгізе отырып мұғалім мен оқушылар арасындағы белсенді қарым-қатынасты қалыптастырып, келешек өмірге жол ашамыз.

Диалогтік оқытудың артықшылықтары:

- барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады;
- барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді;
- олар бір нәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады;
- жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір-біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады;
- сабақ оқушы үшін, мұғалім үшін де пайдалы болады;
- ең бастысы олар бір-біріне қатты әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және бірін-бірі үйретеді.

Мәдени диалог құру тәсілдері

- Сөз жұмбағы;
- Табиғат құбылыстарының жұмбағы;
- МЕН – жұмбағы;
- Тарих кезеңдеріне байланысты жұмбақтар.

Мәдениетті қалыптастыру әрекеттері

Оқу үрдісінде

- Жаңа материалдарды ұғыну, қабылдау;
- Біліктілік, іскерлікті, дағдыны жетілдіру;
- Білім, іскерлікті, дағдыны практикада қолдану;
- Оқушылардың жетістіктерін таңдау, білімдерін, іскерліктерін бағалау;

Тәрбие үрдісінде

- Өнердегі және өмірдегі көркем сезімге, қызығушылықпен қабылданатын бейнелерге талғампаздық пен шығармашылық санасына, сезіміне әсер ету арқылы мәдениетті қалыптастыру;

Жалпы сипаттамасы:

- Педагогикалық іс-әрекетте эмоциялық қатынасты талап етуі
- Даму факторларына байланысты қоғам мен әлеуметтік ортаға негізделуі
- Меңгеруге, ұғынуға байланысты оң ассоциация тудыру, талдау, синтездеу, теориялық қорытынды жасау әрекеттерін талап етуі
- Мазмұнына байланысты жеке тұлғаға бағыт-бағдар беру
- Ұйымдастыру формасына байланысты сынып-сабақ жүйесінде қолдануға қолайлы болуы
- Басқа оқыту технологияларына байланысты- ұжымдық, топтық оқыту, проблемалық оқытумен интеграциялау. Дебат технологиясына байланысты – ынтымақтастық технологиясымен байланыста болуы
- Күтілетін нәтиже: жеке тұлғаның өз-өзіне сенуі, тұлғалық қасиеттерін дамытуға пайдалы болуы

Мәдени диалог құрудың әдіс-тәсілдері

- Бастауыш мектепте негізгі әдіс- таңқалдыру,қызықтыру, ойынға айналдыру, жұмбақтар шешу, мәтіндегі жұмбақты табу т.б.
- Орта мектепте де таңқалдыру әдісі бар,бірақ оның сипаттамасында пікір-талас ұйымдастыру, өз ойын дәлелдеп беру, ақын-жазушылардың еңбектеріне сүйену, өз ойын жеткізе алу.
- Жоғары сыныпта таңқалдыру әдісі қалады, бірақ диалог құруда дебат ұйымдастыру, өлең шығару, мәтінді талдау, шығарма жазу, жоба жасау, оны қорғау әдістері пайдаланылады.

Мұғалімге қойылатын талаптар

- Диалог құруға жағдаят туғызу
- Оқушылардың диалогтық қарым-қатынас жасауға дайындықтарын диагностикалау
- Басқару, ой-пікірлерін тыңдай білу
- Оқушыларды қызықтыратын, оларға түрткі болатын, тірек болатын жағдай іздеу
- Арнайы тереңдету, күрделендіру
- Диалогтың әр түрлі сюжеттік байланыстарын алдын-ала белгілеу
- Сабақ барысында белсенді қатысатын, көмекші қатысатын сюжеттік ұстанымдарын қарау, алдын-ала әңгімелерін дайындау

Қорытынды

- рефлексивті диалог